

"Ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін және кешенді тестілеудің жалпы бейіндік және бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 198 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 7 наурыздағы № 89 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 наурызда № 16644 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы № 43 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 29.01.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесі және кешенді тестілеудің жалпы бейіндік бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15186 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 8 маусымда жарияланған) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 198 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесінде:

реттік нөмірлері 14 және 15-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

14	5B011400	Тарих	Дүниежүзі тарихы	География
15	5B011500	Құқық және экономика негіздері	Дүниежүзі тарихы	География

";

реттік нөмірлері 17, 18 және 19-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

17	5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі	Қазақ әдебиеті
18	5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі	Орыс әдебиеті
19	5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы

";

реттік нөмірлері 21 және 22-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

21	5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі	Қазақ әдебиеті
22	5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі	Орыс әдебиеті

";

реттік нөмірлері 28 және 29-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

28	5B012900	География-Тарих	Дүниежүзі тарихы	География
29	5B013000	Тарих-Дінтану	Дүниежүзі тарихы	Адам. Қоғам. Құқық

";

"Гуманитарлық ғылымдар" деген 2-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

30	5B020100	Философия	Дүниежүзі тарихы	География
31	5B020200	Халықаралық қатынастар	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы
32	5B020300	Тарих	Дүниежүзі тарихы	География
33	5B020400	Мәдениеттану	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы
34	5B020500	Филология	Қазақ/орыс тілі	Қазақ/орыс әдебиеті
35	5B020600	Дінтану	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
36	5B020700	Аударма ісі	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы
37	5B020800	Археология және этнология	Дүниежүзі тарихы	География
38	5B020900	Шығыстану	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы
39	5B021000	Шетел филологиясы	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы
40	5B021100	Теология	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
41	5B021200	Түркітану	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы
42	5B021500	Исламтану	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан

";

"Құқық" деген 3-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

43	5B030100	Құқықтану	Дүниежүзі тарихы	Адам. Қоғам. Құқық
44	5B030200	Халықаралық құқық	Дүниежүзі тарихы	Адам. Қоғам. Құқық
45	5B030300	Құқық қорғау қызметі	Дүниежүзі тарихы	Адам. Қоғам. Құқық
46	5B030400	Кеден ісі	Дүниежүзі тарихы	Адам. Қоғам. Құқық

";

реттік нөмірі 64-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

64	5B041900	Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау	Дүниежүзі тарихы	География
----	----------	--	------------------	-----------

";

реттік нөмірі 70-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

70	5B050200	Саясаттану	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы
----	----------	------------	----------	------------------

";

реттік нөмірі 73-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

73	5B050500	Аймақтану	Шет тілі	Дүниежүзі тарихы
----	----------	-----------	----------	------------------

";

реттік нөмірі 83-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

83	5B051500	Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету	Қазақ/орыс тілі	Қазақ/орыс әдебиеті
----	----------	--	-----------------	---------------------

";

реттік нөмірі 161-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

161	5B091000	Кітапхана ісі	Қазақ/орыс тілі	Қазақ/орыс әдебиеті
-----	----------	---------------	-----------------	---------------------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 172-1 жолмен толықтырылсын:

"

172-1	5B130300	Педиатрия	Биология	Химия
-------	----------	-----------	----------	-------

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кешенді тестілеудің жалпы бейіндік және бейіндік пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесінде:

реттік нөмірлері 126 және 127-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

126	5B072900	Құрылыс	Құрылыс материалдары	Ғимараттар мен үймереттердің құрастырылымдары
127	5B073000	Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Құрылыс материалдары	Құрылыс бұйымдары және құрастырылымдарын өндіру технологиясы

";

мынадай мазмұндағы "11. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" деген бөліммен және реттік нөмірлері 163-1 және 163-2-жолдармен толықтырылсын:

"

163-1	5B110100	Мейірбике ісі	Биология	Мейірбике ісі негіздері
163-2	5B110300	Фармация	Химия	Фармакология негіздері

";

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.С. Ысмағұлова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне

енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Е. Сағадиев